

«Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ



«БЕКІТІЛДІ»

Ғылыми кеңес шешімімен

№1 хаттама, «27» тамыз 2024 жыл

Оқу пәндері мен практикаларды тану тәртібі туралы ереже

Арқалық, 2024 ж.

1. Тану деп алдыңғы білім алу кезінде игерілген оқу пәндері мен практикаларды, сондай-ақ олар бойынша алынған бағаларды (сынақтарды) тану және оларды институтта игерілетін білім беру бағдарламасы бойынша студенттің транскриптіне көшіру болып табылады.

2. Пәндерді танудың негізгі параметрлері:

- пәннің атауы;
- кредиттер саны / сағат көлемі;
- аттестаттау түрі.

3. Пәннің көлемі кредитпен немесе сағатпен сәйкес келмеген жағдайда, егер оқу пәндері бірдей, бірақ көлемі бойынша ерекшеленетін болса, онда бұрынғы оқу орнындағы көлемі институттың тиісті білім беру бағдарламасы оқу жоспарындағы пән көлемінің 60%-ын және одан астамын құрайтын пәндерді академиялық айырмашылық деп санамауға рұқсат етіледі.

4. Оқу пәндері бойынша игерілген кредиттерді тану кезінде қорытынды бақылау нысанындағы айырмашылық есепке алынбайды.

5. Сынақ Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау ережелеріне сәйкес білім алушының оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесіне, ең төменгі D (1,0; 50-54%) бастап ең жоғары A (4,0; 95-100%) дейінгі диапазондағы төрт балдық жүйе бойынша цифрлық баламаға сәйкес келеді.

6. Егер алдыңғы білім берудің оқу жоспары институттың білім беру бағдарламасының оқу жоспарына 50%-дан кем сәйкес келсе, алдыңғы білім беру оқу жоспарының 18-ден 26-ға дейінгі кредиті Minor ретінде есептелуі мүмкін.

7. Тиісті деңгейдегі оқу орындары берген алдыңғы білім туралы мемлекеттік және/немесе өзіндік үлгідегі құжаттар пән тануға арналған негізгі құжаттар болып табылады.

Егер студенттің алдыңғы білімі туралы бірнеше дипломы болса, барлық дипломдар пән тануға тапсырылуы мүмкін.

8. Пән тану үшін алдыңғы білімі туралы диплом қосымша болған жағдайда ғана қабылданады.

9. Шет мемлекеттердің аумақтарында шет тілінде берілген алдыңғы білімі туралы құжаттар (диплом) нотариалды куәландырылған аудармасы, білім туралы құжатты оқуды одан әрі жалғастыру рұқсатымен тану туралы нострификациялау куәлігімен қоса ұсынылады.

10. Білімі туралы тиісті құжаттар болған жағдайда талапкер пәндерді қайта есепке алуды есептеу үшін өзі үміттеніп отырған білім беру бағдарламасы атауын көрсете отырып, Басқарма Төрағасы-Ректордың атына жазылған өтінішпен институттың қабылдау комиссиясына жүгінеді.

11. Қабылдау комиссиясы осы Ереженің 3-6-тармақтарына сәйкес оқу пәндері мен практикаларды қарау және тану жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастырады.

12. Оқу пәндері мен практикаларды тану жөніндегі комиссия құрамына факультет деканының өкімімен бекітілген тиісті дайындық бағытының профессор-оқытушылар құрамы кіреді.

13. Академиялық бағдарламалар және әдістемелік жұмыс офисі комиссия хаттамасының негізінде жеке жұмыс оқу жоспарларын әзірлейді.

14. Комиссия отырыстарының хаттамасы мен жеке жұмыс оқу жоспары негізінде регистраторлар бағаларды студенттің транскриптіне енгізеді.

